# АРҚАНЫҢ АРҚАЛЫ АЗАМАТЫ

*Өмір мұхит, уақыт толқын.*
*Дүние үлкен көл,*
*Заман соққан жел....*
*Өмірдің алды ыстық, арты суық,*
*Алды ойын, артқы жағы мұңға жуық.*
***Абай.***

«Жақсылық суға батпас, жарыққа бір шығар жатпас» деген халық даналығы бар. Жақсы істерімен ортамызда өмір кешкен Арқаның арқалы азаматтарының бірегейі Шәкір Қасымұлы еді. Өзі өмірден өткенімен, артында өшпестей із қалдырған. Шет ауданының дамуына қажырлы еңбек еткен, қызмет барысында абырой биігінен көріне білген ағаны кейінгі замандастары мен інілері, біздер естен ешқашан да шығармаймыз. Ағаның халықтың қамқорлығы үшін атқарған қызметтерінің ауқымы кең, мәні үлкен болды.

Асқаралы таудай болып жүретін Шәкең - Шәкір Қасымұлы ағамыз бір отбасының немесе әулеттің ғана емес, Қазығұрт тауы маңы мен Ақшоқы, Дәрия мекендерінің арасын жайлап жатқан қалың жұрттың қамқоршысы болды. Сүйенсең тірек, сөйлессең тілекші болған арқалы ағаның орны ерекше еді. Уақыт өткен сайын Шәкеңнің қоғамдағы, ел ортасындағы, әулеттегі қадірі асқақтап, мәртебесі биіктеп бара жатқандай көрінеді. Сынаптай сырғып, желдей есіп күндер мен айлар өтіп жатыр. Шәкір ағаның өткеніне де бір жылдың жүзі болды. Шәкір аға 2023 жылдың қазан айының 11 жұлдызында фәни жалған дүниеден бақилыққа көз жұмды.

Ағамыздың жаназасына қатысқан туған - туыстар мен дос - жаранның көз жасы мен мұңайған көңіл күйлерінің нышанындай сол күнгі табиғат - ана да жабырқап ақ жауынын се-



белеп тұрды. Ағаны Зәмірбек (ағаның інісі) молламен бірге тәрбиелеп, арулап, ақтық сапарға аттандырдық. Өзінің туған топырағына Ақтөбе ауылына әкесі мен анасының қасына мәңгілік мекеніне жайғастырдық. Ағаның өмір жолы мен еңбегі туралы бұрын да және өмірден қайтқанында да БАҚ - да «Орталық Қазақстан» және «Шет шұғыласы» газеттерінде жазғанмын. Дегенмен, тағы да қайта айналып соқсам артық болмас.

Шәкір аға табиғаттың адамзатқа деген тартымды тұсында қараша айының соңына қарай күздің қоңыр салқынында «Қазығұрт» тауының теріскейінде орналасқан Қызылтау ауылдық кеңеске қарайтын «Игілік» колхозында кедей шаруаның отбасында 1938 жылы дүниеге келген. 1956 жылы Қарағанды қаласының №7 Жамбыл атындағы қазақ орта мектебін бітірген.

Еңбек жолын Костенко атындағы шахтада қатардағы жұмысшыдан бастайды. Калада арнайы шоферлік курста оқып, көлік жүргізушісі мамандығын алады.

Алайда, азаматтың туған жерге деген сезімі бейжәй қалдырмай оны туыпөскен ауылына бет бұрғызады.

1958 жылы ауданның Орджоникидзе атындағы колхоздың Ақтөбе ауылында көлік жүргізушісі болып еңбек жолын жалғастырады.

1959-1973 жылдары МТС, РТС, совхоздың автомеханик, автогараж меңгерушісі, совхоздың бас инженері қызметтерін атқарады.

1973-1980 жылдары ауданның «Путь к коммунизму» совхозының партком хатшысы, ауданның «Казсельхозтехника» бірлестігінің Жарық сауда конторының директоры және «Казсельхозтехника» бірлестігінің директоры қызметтерін абыроймен атқарды.

1980-1995 жылдары Дәрия, Ақшоқы, Орджоникидзе совхоздарын басқарды, ауданның атқару комитетінің төрағасының бірінші орынбасары қызметтерінде табысты еңбек етті.

Шәкір Қасымұлы білікті басшы болумен қатар аудан көлемінде қаншама кадрлардың ақылшы ағасы бола білді.

Олардың қатарына Сейілбеков Төкен, Қасымов Аманқұл, Ғабдуллин Бекен, Қасымов Есенбай, Төлеукенов Сәмбет, Құдайбергенов Жанат, Жақан Имаш, Ибраев Алтыбай, Әлкеев Жанат, Амандықов Ибрахим, А. Омаров т.б. өз істерінің майталман мамандарын жатқызуға болады.

Комсомол жастардың егіс бригадаларына жетекшілік еткен Іргебаев Төлеутай, Жұқанов Сәби, Мусин Әмет, Оразалин Ғалым, Қабиев Серік, Ахметов Шойман, Әбенов Төлеу сынды мықты механизаторлар Шәкеңнің алдынан өтіп, оның тәлімтәрбиесін, ұстамын көрген азаматтар.

Жоғарыда аталған лауазымды қызметтерді атқарған кезде Шәкір Қасымұлы ұжымның, кәсіпорынның отбасына әлеуметтіктұрмыстық жағдайын жақсартуға мейілінше жіті назар аударып, оларға қажетті көмегімен қол ұшын тұрақты беріп тұрды.

Ең бастысы бұл салаға ерекше көңіл бөліп, оларға тұрғын үй салып, нәтижесінде көптеген ауыл тұрғындары жаңа пәтерлерге қоныс аударды.

Шәкір Қасымұлы «Тіршіліктегі тұрағың - жалғандағы жұмағың» деген халық нақылын берік ұстаған басшылардың бірі болды. Шәкеңнің осы маңызды әлеуметтік шаруаға сіңірген еңбегі ерекше еді. Кезінде еңбегі бағаланып аудандық, облыстық деңгейде бірнеше мәрте марапатталған.

Ұзақ жылғы еңбегі мемлекет тарапынан бағаланып 1964 жылы «Тың жерлерді игергені үшін», 2004 жылы «Тыңға 50 жыл» мерекелік, 1970 жылы «Еңбекте үздік шыққаны үшін», 1980 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін», 1985 жылы «Еңбек ардагері» медальдарымен наградталған. Шет ауданының Құрметті азаматы, ауыл шаруашылығы саласының Құрметті ардагері атақтарының иесі.

Шәкең жұбайы Бөкенқызы Бәтешпен отбасында төрт бала тәрбиелеп, оқытып, оларды өмірдің даңғыл сара жолына салды. Шәкең мен Бәтеш жеңгем балалары мен немерелерінің қуаныштарын көріп кетті.

Үлкен ұлы Нұрлан әке жолына түсіп шаруа қожалығын құрып, соған басшылық жасап, зейнеткерлікке шықты. Ұлан болса, ұзақ жылдар бойы құқық қорғау саласында табысты қызмет атқарып, полковник шенінде құрметті демалысқа шығып, бүгінде Балқаш қаласында еңбек етеді. Баланың тұңғышы Гүлсара жоғары білімді, зейнеткер, Қарағанды қаласында тұрады. Кенжесі Нұрсұлтан жоғары білім алып, подполковник дәрежесінде Приозерск қаласында ІІБ басшысы.

Ағаның кейінгі 3 жылдан астам өмірі өз отбасында (Бәтекең өмірден өткен) Нұрсұлтанның зайыбы (жолдасы) Әселдің қарауында өтті. Қазақ атам айтады ғой «Келіні жақсының керегесі алтын» - деп. Әсел өзінің ибадаттылығы және таза жан сезімімен ағаны мейілінше жақсы күтті. Оған Алланың нұры жаусын деймін. Қазіргі кезде ІІБ-де қызмет істейді.

Міне, ауданның арқалы азаматы Шәкір Қасымұлы ортамызда 85 жыл ғұмыр кешіп, еліне, халқына еңбек етіп, артына ісі мен ізін қалдырып бақилыққа аттанғанына бір жыл толды. Ағамен бірге өмір кештім. Оның тұлғасы мен келбеті менің жадымда сақталады. Ұрпағына ұзақ, бақытты өмір тілеймін.

Аға! Мекенің - жұмақ, мінгенің - пырақ, қараңғы үйің жарық болсын, Асыл аға - Шәкір!

Арнайы дайындалған жылдық ас, бағышталған құран қабыл болсын!

**Боранбай ЖҰМКИН,**
**Шет ауданының «Құрметті азаматы»,**
**ҚР Ауыл шаруашылығы саласының үздігі.**